

УДК316

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДАҒЫ КИБЕРБУЛЛИНГ

Мерсадықов Алтынбек Әлібекұлы

mersadykovkz@gmail.com

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтану кафедрасы, әлеуметтану мамандығы бойынша

1-курс магистранты, Нұр-сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Б.Ж. Смағамбет, ә.ғ.к., доцент

Заманауи ақпараттық қоғамның қалыптасуы мен оның қарқынды дамуы көптеген әлеуметтік өзгерістерге алып келді. XX ғасырдың 60-70 жылдарында жапониялық әлеуметтанушы Ю. Хаяши ғылымға «ақпараттық қоғам» терминін енгізіп, М. Кастельс, Ф. Уэбстер, Э. Гидденс, Ю. Хабермас сынды әлеуметтанушылардың еңбектері арқылы ақпараттық қоғамның негізгі теориялары қалыптасты. Осылайша дүниежүзінің әр түкпірінде өмір сүретін адамдардың географиялық-территориялық бөлініске байланысты стереотиптері бұзылып, күллі адамзат киберкеңістікте бірікті. Технологияның жандануы эволюция арқылы жүзеге асқанымен, әрдайым біркелкі болған жоқ. Себебі ақпараттық технологияның адам өміріне ықпалында артықшылықтармен қатар, кемшіліктер де болды. Соның бірі – қазіргі таңда әлемде және елімізде де өзекті саналатын бұқаралық ақпарат құралдарындағы кибербуллинг мәселесі.

Кибербуллинг феномені әр түрлі әлеуметтік ортада кездеседі. Әдетте бұл құбылысты дамыған Батыс қоғамынан, Америкадан және Еуропадан көбірек байқайтынбыз. Бірақ киберкеңістіктің ұлғаюымен, сапалы интернеттің келуімен дамыған елдерден бөлек дамушы елдерге де бұл құбылыс жетті.

Әлеуметтік анықтамаларда кибербуллинг – ақпараттық технологияларды қолдану арқылы жеке хабарламаларды немесе қоғамдық арнаны пайдалана отырып, қорлау, қорқыту, жала жабу, бопсалауды қамтитын қудалаудың бірі. [1] Тағы бір анықтамада «кибербуллинг» дегеніміз – қасақана, мақсатты түрде, тұрақты қайталанатын дұшпандық мінез-құлық әрі жеке тұлғалардың немесе арнаулы топтардың ақпараттық-коммуникациялық технологиялар көмегімен басқа адамдарға зиян келтіруі. [2] Және оның флейминг, троллинг, хейтинг, харассмент, диссинг, кетфишинг, аутинг секілді бірнеше түрлері бар.

Кибербуллингке қатысты отандық ауқымды әлеуметтік зерттеулер болмағанымен, Ресейде және өзге де елдерде жасөспірімдер мен жастар арасында түрлі әлеуметтік зерттеулер жүргізілген. Мәселен, соның бірі – РМНФ №15-06-10575 жобасы шеңберінде жүргізілген зерттеу жұмысы. Зерттеуге Ресейдің Новгород қаласында тұратын 11 жастан 18 жасқа дейінгі жалпы білім беретін мектептердің 717 оқушысы қатысқан. Жоба Санкт-Петербург мемлекеттік университетінің этикалық комитетінде мақұлданып, Д.Олвеус [3] сауалнамасының көмегімен жүзеге асқан. Сауалнама жәбірленуші мен құқық бұзушының

зорлық-зомбылық тәжірибесін немесе қарым-қатынас ерекшеліктерін қамтитын 38 фактіден тұрады. Себебі кибербуллингті анықтауда агрессивті мінез-құлықтың қайталануы немесе оның жиілігімен қатар, мұны шынайы зорлық-зомбылықтың бір түрі ретінде қарастырған орынды. Сауалнама нәтижесіне сәйкес, ең танымал болған «Біреуді қорлап, интернетте жеккөрінішті немесе ренжитін пікір қалдырдыңыз ба?» деген сұраққа жасөспірімдердің 14 % осы процесті өз басынан өткізгенін айтқан. Респонденттердің 3 % интернетте өзін қорлайтын видео-материалдардың жарияланып кеткенін де жасырмаған. Оған қоса жасөспірімдердің 13% желіде өздері туралы қауесеттің таралғанын мойындаса, ал 7% желіде онлайн отырған кезде өздеріне қауіп төнгенін айтады. Сонымен зерттеу аясында кибербуллингтің орын алуына себепкер жасөспірімдердің саны кибербуллингтен зардап шеккендерден төмен болып шықты. Әр түрлі зерттеулерде бұл көрсеткіш 3%-дан 44,1%-ға дейін өзгеріп, орташа көрсеткіш 18% құраған. Кибербуллинг бойынша жиі зерттеу жасайтын Research Center дерегіне сай, жасөспірімдер арасындағы «буллерлердің» үлесі әр жылдары 11%-дан 20%-ға дейін өсіп отыр (орташа көрсеткіш – 16,8%).[4]

Бұдан бөлек «Ресей балалары онлайнда» деп аталатын тағы бір зерттеудің нәтижесіне сүйенсек, бір жылдың ішінде интернетте 9-16 жас аралығындағы жасөспірімдердің 23% кибербуллингтің құрбаны болған. Осыған ұқсас деректер Еуропаның 25 елі бойынша да орта есеппен 19% құрап отыр. [5]

Ресми статистикалық мәліметтер бойынша, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы жүргізген сауалнамада Америка мен Еуропаның 35 елімен салыстырғанда, АҚШ кибербуллингке қарсы күресте өте жақсы көрсеткіштерге қол жеткізіп отыр. Әлемде интернеттегі қудалау жағдайының ең көп дерегі Эстония мен Литвада, ал ең аз дерегі Чехия, Словения және Швецияда тіркелген. Енді Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі жариялаған қазақстандық мәліметтерге көз жүгіртер болсақ, жалпы 2021 жылы интернет-ресурстардың меншік иелері мен әкімшіліктерінің заңнаманы бұзушылықтарды жою туралы уәкілетті органның ұсынымдарына сай шамамен 222453 құқыққа қарсы материалдарды жою бойынша шаралар қабылдаған. Былтыр жасөспірімдерге қарсы 140 мың кибер шабуыл жасалып, сол себепті мессенджерлер мен әлеуметтік желі әкімшілігіне 1700 арыз жіберілген. Бір жылдың өзінде елімізде балалардың 12% арандатушылық пен әлімжеттіктен зардап шеккен. Соның ішінде кибербуллингке тап болғандар да көбейген. Жасөспірімдерден бөлек былтыр кибербуллинг құрбанына айналып, 39 жасына қараған шақта суицид жасап, дүниеден өткен жазушы Аягүл Мантайдың өлімі де көптеген қоғамдық ортада үлкен резонанс тудырды. Яғни біздің елде де кибербуллинг құбылысының бар екені әрі оның өлім қаупіне дейін жететіні мәлім болды.

Әлеуметтанушы А. И. Черкасенконың пікірінше, кибербуллинг дегеніміз – белгілі бір уақыт ішінде адамдар тобы немесе жеке тұлға өзара әрекеттесудің электронды формаларын қолдана отырып жүйелі түрде жүзеге асыратын және өзін оңайлықпен қорғай алмайтын жәбірленушіге қарсы бағытталған қасақана, агрессиялы әрекеттер ретінде анықталған қорлау. Кибербуллингтің басты мақсаты – жәбірленушінің эмоционалды сферасының нашарлауы немесе оның психологиялық-әлеуметтік қатынастарының бұзылуы. Кибербуллинг ойын-сауықтан бастап психологиялық виртуалды террорға дейін әр түрлі мінез-құлық түрлерін қамтиды, тіпті оның салдары суицидке әкелуі мүмкін. [6] Жалпы суицидтің табиғатын зерттеген әлеуметтанушылардың бірі Эмиль Дюркгейм өз еңбегінде «әлеуметтанудың болашағына сенетін әр адам жан-жақты болуға талпынуы керек, ғылым қателіктерге ұрынғанымен, өз қателіктерінен сабақ алып, өз-өзін сондай жағдайлардың қайта болуынан сақтай алады» дейді. [7] Демек кез келген мәселені қарастырғанда оның әлеуметтік қырына үңілу онымен күресте белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Виртуалды желіде жасалатын кибербуллингтің адамды өлім жағдайына жеткізуі немесе адамның өз-өзіне қол жұмсауына дейін апаруы – қазақстандық қоғамның алдында тұрған күрделі сұрақ. Сондықтан қазақстандық қоғамда, соның ішіндегі БАҚ-тағы кибербуллинг құбылысын жіті зерттеу қарапайым өмірдегі қорлықтың, бопсалаудың, тіпті өлім қаупінің алдын алады.

Сонымен қатар онлайн-буллингтің әлеуметтік мәселе ретінде қарастыратын тұстары өте көп. Кибербуллингке тап болған балалар арасынан көбіне жасқаншақтық, өзінің ата-анасымен немесе достарымен сөйлесуге, оқу орындарына баруға деген құлықсыздық секілді өзгерістерді байқауға болады. Оған қоса кибершабуылға ұшыраған адам бойынан коммуникативтік дағдылар жоғала бастайды. Салдарынан дезадаптация, дезинтеграция әсері байқалып, девиантты мінез-құлық қалыптасады. Мұнымен кибербуллингті девиантты мінез-құлықтың бір түрі ретінде қарастыруға әбден болады.

Жоғарыда атап өткеніміздей, елімізде кибербуллингке қатысты іргелі зерттеулер мен айтарлықтай ғылыми еңбектер жоқ болғанымен, құқық қорғаушы Тайыр Назханов оқырмандарға қазақ тілінде «Кибербуллингтен құқықтық қорғану жолдары» деп аталатын еңбекті ұсынды. Мұнда автор «еркіндік пен пікір білдіру құқығы – абсолют емес, олар тек басқалардың құқығын бұзбайтын кезге дейін ғана қолданылады» деп жазады. [8] Яғни еркіндік пен демократиялық ұғымдар басқалардың құқығын таптамауы керек екенін меңзейді.

Қазақстанда кибербуллинг мәселесімен және онымен күресті ақпараттандыруда Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі жүйелі жұмыс істеп жатыр. Жауапты министрліктің мәліметінше, әлемдік қоғамдастық осы саланы заңнамалық реттеуге әрекет жасап жатқаны да анықталды. Мысалы, Еуропаның кейбір елдерінде (Германия және Франция), ТМД елдерінде (Ресей Федерациясы және Өзбекстан) жергілікті заңнаманың ерекшелігін ескере отырып, интернет-кеңістікті құқықтық реттеу жөніндегі нормалар қабылданған. Сондай-ақ Еуропа, Азия, Оңтүстік және Солтүстік Америка елдерінде интернет-кеңістікті, оның ішінде әлеуметтік желілер мен мессенджерлерді заңнамалық реттеу бойынша жұмыс жүргізіліп жатқанын айтады.

Көптеген белгілі әлеуметтанушылар жалпы кибербуллингтің пайда болуының негізгі әлеуметтік себебінің бірі ретінде қоғамда цифрлық мәдениеттің қалыптаспауын қарастырады. Э.Тоффлер, М.Кастельс, Ч.Гир секілді белгілі социологтардың еңбектерінде де киберкеңістіктегі мәдениет, цифрлық мәдениет, ақпараттық қоғам тұжырымдары туралы сөз болады. 1990-шы жылдардың соңында интернеттегі әлеуметтану кіші сала ретінде қалыптасқанымен, 2000 жылдары ол үлкен масштабқа ие болды. АҚШ-та және басқа батыс елдерінде интернеттің кенеттен кең таралуы және енгізілуі әлеуметтанушылардың назарын бірден аударды, өйткені осы технологияға енген алғашқы платформалар – электрондық пошта, ақпараттық бюллетеньдер, форумдар, онлайн жаңалықтар мен хаттар, сондай-ақ чат бағдарламаларының нысандары байланыс пен әлеуметтік өзара әрекеттесуге айтарлықтай әсер ететіні байқалды. Демек дәстүрлі буллингпен салыстырғанда кибербуллингтен жасырынып қалу қарапайым интернет қолданушылары үшін көбірек қиындық тудырады. Сондықтан бұқаралық ақпарат құралдарындағы кибербуллинг мәселесінде ең алдымен, оның әлеуметтік қырына терең үңіліп, жан-жақты зерттеулер жүргізген жөн.

Әлемде жүргізілген әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері қазіргі уақытта кибербуллинг шын мәнінде ең өзекті мәселе екенін көрсетеді, өйткені ақпараттық қоғамда өмір сүріп жатқан адамды гаджеттерсіз, ноутбуктерсіз, навигаторларсыз және ұялы телефондарсыз елестету мүмкін емес. Оған қоса әлеуметтік желілер мен интернеттің көмегімен адамдар арасында түрлі қорқыту, манипуляция және қауіп-қатерге итермелеу процестері жиі жүріп жатыр. Бұл мәселені шешу үшін заң шеңберінде арнаулы шаралар қабылданып, ең алдымен бала құқығы тапталмауы керек. Интернетте күн сайын отыратын балалар мен жасөспірімдерге кибербуллингтің құрбаны болмауға көмектесетін сақтық жұмыстарын жүргізу қажет, өйткені кибербуллингтің құрбаны болған адам психикалық ауруларға тез ұшырап, жүйке жүйесі бұзылады. Кибершабуылдан жапа шеккен адамның негізінен психологиялық, педагогикалық, физиологиялық және бастысы әлеуметтік мінез-құлқы өзгереді. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы кибербуллинг мәселесінің маңызды тұсы да сол, мұның теріс жағдайдағы салдарынан жасөспірімдер мен балалар, тіпті ересек адамдар да өз-өзіне қол жұмсауға дейін жетеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Екимова В.И., Замалалдинова А.М. Жертвы и обидчики в ситуации буллинга : кто они? [Электронный ресурс] // Современная зарубежная психология. 2015. № 4. Том 4. №4. С. 5-8.
2. Hinduja, S. K. Bullying Beyond the Schoolyard: Preventing and Responding to Cyberbullying/ S. K. Hinduja, J. W. Patchin. — 2nd ed. — Thousand Oaks : Corwin, 2014. — 312 p.
3. Olweus D. The Olweus Bully/Victim Questionnaire. Bergen, Norway: University of Bergen, 1986.
4. Cyberbullying Research Center report, 2010. URL : <http://www.cyberbullying.us>.
5. Чусавитина Г.Н. Подготовка студентов педагогических специальностей университета к профилактике и противодействию идеологии киберэкстремизма среди молодежи / Чусавитина Г.Н., Чусавитин М.О. // II Всероссийская научно-практическая конференция «Информационные технологии в образовании XXI века». Сборник научных трудов. 2012. С. 322-323.
6. Черкасенко О.С., Феномен кибербуллинга в подростковом возрасте / О.С. Черкасенко // Личность, семья и общество: вопросы педагогики и психологии. – 2015. – № 6. – С. 52-54.
7. Дюркгейм Э. Самоубийство: Социологический этюд/Пер, с фр. с сокр.; Под ред. В. А. Базарова.—М.: Мысль, 1994.— 399, [1] б.
8. Кибербуллингтен құқықтық қорғану жолдары/Назханов Т. ISBN 978-601-06-7166-9/ 2021.-356, [256] б.